

"2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, әлеуметтік жұмыс орындарын құру туралы" 2009 жылғы 2 ақпандағы № 1034 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 30 қазандағы N 1356 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 қарашада N 5-14-98 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Күршім ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 10 қаңтардағы N 1458 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Күршім ауданы әкімдігінің 2010.01.10 N 1458 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» № 213 Заңының 27 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» № 148 Заңының 31 бабы 2 тармағының негізінде Күршім ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, әлеуметтік жұмыс орындарын құру туралы» (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-14-77 болып 2009 жылдың 12 ақпанында тіркелген, 2009 жылдың 21 ақпанында аудандық «Рауан» газетінің 8 санында жарияланған) 2009 жылғы 2 ақпандағы № 1034 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспенің мәтініндегі маусымдағы сөзінен кейінгі «Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелері туралы» сөздері ««Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Д. Ә . Ә л х а н о в қ а жүктелсін .

3. Қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім ауданының әкімі

А. Сеитов